

Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздік өлшемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 31 наурыздағы N 186 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 24 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5645 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабының 1 тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздік өлшемдері ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті (Е.Р. Толқымбеков) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада бекітілген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ауыл шаруашылығы вице-министрі Марат Әбілахатұлы Оразаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Күрішбаев*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы
м и н и с т р і н і ң 2 0 0 9 ж ы л ғ ы
3 1 н а у р ы з д а ғ ы N 1 8 6
бұйрығымен бекітілген

Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздік өлшемдері 1 . Жалпы ережелер

1. Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздік өлшемдері (әрі қарай - Өлшемдер) Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабына сәйкес

әзірленді және Қазақстан Республикасындағы су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары жағдайының техникалық көрсеткіштерінің шекті мәндерін анықтады.

2. Өлшемдер су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының бақыланатын және диагностикалық көрсеткіштерін және осы көрсеткіштердің өлшемдік мағыналарын белгілейді.

3. Өлшемдер нақты (көзбен шолу және аспап құралдармен) бақылаулардың негізінде анықталды және су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының зақымдануы төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соғатын сипаттамаларды ескере отырып әзірленді.

4. Осы Өлшемдерде келесі ұғымдар мен терминдер қолданылады:

1) диагностикалық көрсеткіштер - су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары жағдайын диагностикалау және бағалау үшін, "құрылыс – ірге – су қоймасы" жалпы жүйенің немесе оның жеке элементтерінің қауіпсіздігін бағалауға мүмкіндік беретін ең маңызды бақыланатын көрсеткіштер;

2) бақыланатын көрсеткіштер – техникалық құралдардың көмегімен өлшенген немесе жағдайының сандық сипаттамаларын, сондай-ақ сапалық сипаттамаларын өлшеу негізінде есептелген осы су шаруашылығы құрылыстарының күйі.

2. Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздік өлшемдері

Өлшемдік көрсеткіштерінің мәндері						
Топырақтан алынған су бөгеу құрылыстары						
Құрылыстың	үстіңгі	беткейі	мен	қыры:		
қырдағы ұзын шепті жарықшақтардың пайда болуы;	үстіңгі беткей жақтауының негізінен тақта төсемінің ажырауы;	қырдың оқшау шөгуі;	су кемері бағытында тік жарықшақтар мен беткей кескіндердің елеулі өзгерістері;	құрылыстық нығайту телімінің тақтанының іргетасынан ажырап ығысуы;	жол жамылғыларының бұзылып қырдың шөгуі.	
Бөгеттің	төменгі	беткейі:				
беткейде оқшау шөгулер мен шұқанақтардың пайда болуы;	беткейдің үнемі ылғалдануы;	бөгет табанының төменгі жайылмасының ылғалдануы және батпақтануы;	беткейдің төменгі бөлігіндегі және аңғарларда шөгу құбылысының пайда болуы;	беткейде сүзілу ағынының пайда болуы;	бөгет табанында және конусында лайланған ысыру бұлақтардың пайда болуы;	топырақтың төменгі бьефке сырғып және беткейдің айтарлықтай тапталып кескінінің өзгеруі.
Үстіңгі	беткей	толқыннан	қорғау	нығайтулары:		
нығайту	тақталарының		өзара	ығысы;		

нығайту тақталардағы жарықшақтардың үздіксіз өсуі;
сүзгі құраушыларының нығайту табанынан топырақтың бұзылуы;
толқыннан қорғау белгілерінің тақта аралық жігінің ұзына бойы қопырауы;
тақта аралық жіктегі шайылу тереңдігі 1,0 м жетсе;
жіктің шайылу тереңдігі 1,5 м асқанда су кемерінің аймағында тақта аралық жіктің қопырауы;
тақта іргесінің топырағы шайылып, қираған тақталардың бөліктерінің шайылған шұңқырға түсуі.

Бетон және темірбетон құрылыстар

темірбетон элементтерінің тотқа қарсы қорғаныштарының ішінара бұзылуы;
бөлістіру арматурасының және оның қамыттарының қорғаныш қабатының жұқа қабаттарының жекеленген бөліктерінде тот басу байқалады, сонымен қатар жұмыс арматураның майда (дақталып) және теңбілденіп т о т т а н у ы ;
жұмыс арматурасы қимасының жұқаруы 5 пайыздан жоғары;
қаланған бөлшектердің тотқа қарсы қорғанышының бұзылуы;
бетонның қорғаныш қабатының қатпарланып түсінің өзгеруі;
тоңудың салдарынан конструкциялардың қырлары және қабырғаларының қабыршақтануы;
қорғаныш қабатының аралығында бетонның болжамдық беріктілігі жобалық шамадан 10 пайызға төмен болса;
өзгермелі әсерлерге ұшыраған конструкциялардағы жарықтар;
керілген арматуралардың анкерленген тірек аймағынан қиып өтетін жарықтар;
көпаралықты балкалар мен плиталардың ортаңғы аралықтарындағы еңіс жарықшақтары аймағында қ а м ы т т а р д ы ң ү з і л у і ;
арматура қимасы ауданының 15 пайыздан төмендеуіне әкеліп соғатын қабыршақтанудан теңбілденіп тот басуы;
конструкцияның сығымдалған аймағында жабдықтардың ісінуі;
қаланған және құрама элементтердің майысуы;
дәнекерленген жіктердің қалдықтарының тот басуы салдарынан анкерлердің қаланған бөлшектер тілімшелерінің а й н у ы ;
құрама элементтер түйіндерінің элементтерінің ығысының әсерінен бүлінуі;
т і р е у л е р д і ң қ и с а ю ы ;
созылу аймағында жарықшақтар болған жағдайда маңызды иілгіш элементтердің майысуларының (1/50 астам аралығында) 0,5 мм астамын ашу;
фермадағы сығымдалған элементтер қамыттарының үзілуі;
еңіс жарықшақтар аймағында қамыттардың үзілуі;
созылу аймағында жұмыс арматурасының дараланып үзілуі;
сығымдалған аймақта бетонды ұсақтау және үгетінділерді толтыру;
сығымдалған аймақта иілгіш элементтердің және басқа учаскелердегі бетон беріктігінің 30 пайыздан төмендеуі;
нормалар талаптарының және сығымдалған элементтерге қарсы кішірейтілген тіреу ауданы жобаларының т ө м е н д е у і ;
майысулар және басқа да зақымданулардан пайда болған жарықшақтар конструкцияның қирау қаупін және олардың құлау мүмкіндігін куәландырады.

Темір конструкциялар

тотқа қарсы жабу қабатының қирауы;
жекеленген учаскелердің дақтармен 5 пайызға дейін тот басуға ұшырауы;
майысқан жерлердің 5 пайызға дейін көліктермен және басқа да зақымданудан босаңсуы;
иілгіш элементтердің 1/75-тен аралықта майысуы;
конструкцияның орнынан жоғалуы (қабырғалардың және арқалық белдіктер мен колонкалардың ылғалдануы);
дара болттардың немесе көпболтты шегелердің қосылған жерлерінің қиындысы;
тот басуы салдарынан элементтер қимасының 25 пайызға дейін және одан да жоғары төмендеу есебі;
дәнекерленген жіктердегі немесе тігіс аймағындағы жарықшақтар;
қималарды 25 пайызға дейін босаңсуға алып келетін механикалық зақымдануы;
фермалардың тік жазықтықта 15 мм-ден жоғары ауытқуы;

болттардың бұралуынан немесе шегелеуден түйін қосындыларының бұзылуы;
созылған жеке элементтердің жарылуы;
элементтердің негізгі материалдарында жарықтардың көп болуы;
жапсарлар бұзылуы және тіреулердің өзара ығысуы;
метал тартпалардың толық тоттанып бұлінуі және олардың анкерлерінің бұзылуы.

Су қашыртқылар, су жібергіштер, бас тоған, суұрма құдықтары

суұрма құдықтарының конструктивтік элементтерінің ауытқуы;
құдықтың қокыс тұтқыш конструкцияларының ластануы.